

# Бәсекеге қабілетті тұлға дайындау - оқу орнының бірінші міндеті

Бүгінгі күнде жастарға қойылатын негізгі талаптардың бірі бәсекеге қабілетті білімді меңгеру болып табылады. Ал жастар бойында ол қабілетті дамыту үшін тек білімді ғана терең меңгеру жеткіліксіз болар. Қазіргі заманауи даму олардың шығармашыл, іскерлік және ізденімпаздық қабілеттерін де дамытуын қажет етуде.

Студенттің тұлға ретінде қалыптасып, дамуына қолайлы жағдай жасау - кез-келген жоғары оқу орнының бірінші міндеті. Соның ішінде оңтүстік өңірдегі ең іргелі оқу орны М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің де басты стратегиялық мақсаты студент-жастарды білікті маман ретінде ғана емес, жан-жақты дамыған, отансүйгіш, ұлтжанды азамат етіп қалыптастыру.

«Бәсекелік қабілет дегеніміз - ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін», - деп Елбасы Н.Назарбаев атап өткендей, өлкедегі білім ордасының қара шаңырағы М.Әуезов атындағы ОКМУ-да студенттердің сапалы маман болуы үшін барлық жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалған.

Студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану және шығармашылығын шыңдау мақсатында университетте 10-нан аса үйірмелер бойынша жұмыс атқаратын арнайы «Шығармашылық кәсіптер факультеті» жұмыс жасайды. Факультеттің негізгі мақсаты - жастар шығармашылығының бастауын, қайнар көзін ашу, оны тұлғалық тұғырға көтеру, бос уақытын тиімді пайдалануға дағдыландыру және нарық заңына сәйкес бос уақытында өз талантымен қосымша жұмыс кезін табуға көмектесу.

Факультет құрамында әртүрлі көркемдік-шығармашылық бағыттағы ән, би, Көңілді тапқырлар клубы, дәстүрлі ән және терме, домбыра үйірмесі, айтыс және ақындық өнер, дефиле, көркемсөз шеберлері үйірмесі, вокалды аспаптар ансамблі, Үнді орталығының үйірмелеріне қатысқан студенттер қосымша қоғамдық мамандықты меңгергені туралы сертификат алып шығады.

Осы факультетте қосымша білім алған көптеген жастар өз таланттарын шыңдап, биік белестер мен үлкен асуларды бағындырды деп мақтанышпен айта аламыз. Олардың ішінде республикаға танымал болған атақты түлектеріміз, эстрада жұлдыздары Хадиса Сейітова, «Жігіттер квартеті», Еркін Нұржанов, Айнұр Назарбекова, Астана Қарғабай, Дана Мақатаева, Акмарал Биназарова, Мамадияр Тәукеев, тағы басқалармен қатар, ТМД елдеріне танымал әнші, «Песни» шоу конкурсының финалисті Назима Жәнібекова да бар.

Қоғамдық кәсіптер факультетіндегі көңілді тапқырлар клубы үйірмесінің қатысушыларынан құралған «Байдың балалары» КТК командасы Жайдарман КТК ойындарының 2018 жылы чемпион болып, бүгінгі таңда өз алдына театр ретінде жұмыстарын жалғастыруда.

Дефиле үйірмесінің қатысушылары әр жылы «Шымкент аруы» конкурсына қатысып, университет студенттері Әсем Нуралиева (2014), Тоғжан Бекжігіт (2015), Айлана Ниязбек (2017), Айғаным Ниязбек (2018) Гран-при және басқа

да жүлде иегерлері атанса, Тоғжан Бекжігіт (2016), Айлана Ниязбек, Салима Бейсенғалиева (2017) Қазақстан аруы байқауына қатысып, өлкеміздің намысын қорғады.

Факультетте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, ҚР мәдениет қайраткерлері, С.Б.Абдрайымова, К.Оралова, халықаралық конкурстардың лауреаттары А.Алпысбай, А.Ортаева, Ж.Нұржанова, А.Назарбекова, А.Ысқақова, Л.Ергебекова, тағы басқа білікті мамандар талантты жастарды шыңдап, өнерлі өрендерді шығармашылыққа баулуда тәжірибелерімен бөлісіп, еңбек етіп жүр.

Университетте студенттердің салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен айналысуы үшін де барлық мүмкіндіктер жасалынған. Студенттер оқу-жаттығу орталығында, «Денсаулық», «Буревестник» спорт кешендері мен спорт залдарында кәсіби және әуесқой спорт түрлерінен 20-дан аса спорттық секциялар жұмыс жасайды. Жыл сайын студенттер арасында, оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлер арасында жоспарлы түрде спартакиадалар, сайыстар, спорттық лигалар ұйымдастырылып тұрады.

Үйірмелерге қатысып жүрген және дене шынықтыру мамандығында оқып жүрген университеттің спортшы студенттері республика, Азиялық, әлемдік және халықаралық сайыстарда топ жарып, үлкен жетістіктерге жетіп жүр. Атап айтқанда, 4-курс студенттері Ж.Шавқатов қол күрестен Әлемнің 4 дүркін жеңімпазы, М.Байжігіт Белбеу күресінен Әлем чемпионатының қола жүлдегері, Н.Кошкенбек арм-рестлингтен бірнеше дүркін халықаралық турнирлердің жеңімпазы, В.Старостина Оқ атудан әлем кубогының жеңімпазы болды. Ал Д.Хорольский оқ атудан бірнеше дүркін халықаралық турнирлердің жеңімпазы болып, 2019 жылы ТМД елдерінің Ең үздік студенті атағын иеленуі көптеген жастардың спортқа деген қызығушылығын оятып, спорт үйірмелеріне белсене қатысуына ынталандырды.

3 курс студенттері С.Рысбекова стэнд ату бойынша Азия чемпионатының және Халықаралық жарыстардың жеңімпазы, Олимпиадаға жолдама жеңіп алды, З.Кравченко - қабырғаға атудан дүниежүзілік универсиададың күміс жүлдегері, Д.Исламбекова бокстан әлем чемпионатының қола жүлдегері, А.Воропаева оқ атудан бірнеше дүркін халықаралық турнирлердің жеңімпазы, 2 курс студенттері 2019 жылы ҚР Үздік спортшысы, Таеквондодан әлем жеңімпазы, Қазақстанның бес дүркін жеңімпазы, Азияның бес дүркін жеңімпазы, ТМД абсолюттік жеңімпазы Садық Нұрғайша, фристайлдан жасөспірімдер арасында Олимпиада ойындарына қатысушы, 2019 жылы ҚР ересектер арасында чемпион болған Жолдас Аяна; аударыспақ бойынша 2019 жылы ҚР чемпионы Е.Қуралбай, көркем гимнастикадан Азияның жеті дүркін жеңімпазы 1 курс студенттері А.Адилхайрова, көркем гимнастикадан Азия ойындарының 2 дүркін жеңімпазы Д.Аблирбекова және басқа да студенттер

еліміздің көк байрағын жеңіс тұғырына көтеріп, Қазақстан абыройын әлемге паш етуде.

Университетте бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс та жүйеге қойылған. Бұл «Медиа қызметі орталығы», Баспасөз қызметі, университет телестудиясы, «Университет» газеті арқылы жүзеге асырылады. Әлемде жаһандану және сандық жүйенің дамыған кезеңінде әлеуметтік желілер мен ақпарат тарату көздерінің алар орны ерекше дейтін болсақ, «Медиа қызметі орталығы» оқу орнының имиджін көтеру, атқарылып жатқан жұмыстарды әлемдік торапта жариялап отырумен айналысады. Бұл жұмысқа жастардың қызығушылығы да ерекше. Студенттер арасынан шығып жатқан блогер жастар өз жарияланымдарымен, фото-бейне сюжеттерімен бөлісіп отырады.

Университет имиджін көтеру, онда болып жатқан жаңалықтармен бөлісу бойынша Университет телестудиясының атқаратын еңбегі зор.

Сондай-ақ студенттер университет телестудиясында тележурналист, бейнеоператор, монтаждаушы мамандықтарының қыр-сырын үйреніп өз факультеттеріндегі жаңалықтарды эфирден шығарумен айналысады.

Ал «Университет» газетінде әр факультеттегі штаттан тыс тілшісі ретінде студенттер өзінің шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады. «Университет» газеті өзінің Концепциясы негізінде университетте болып жатқан жаңалықтарды, әлемде болып жатқан саяси және мәдени жаңалықтарды, Елбасы Жолдаулары мен еңбектерін, студенттердің шығармашылық жұмыстары - эссе, өлеңдерін, мақалалар мен пікірлерін жүйелі түрде жариялап, насихаттап отырады.

Бүгінгі таңда 28 мыңға жуық білімгерлерді білім, ғылым және тәрбиеге баулып отырған М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті әлемдегі Top +450 еніп, еліміздегі 3-орынды иеленіп отыр.

2000-ға жуық профессор-оқытушылардан құралған, бай материалдық-техникалық базасы бар келелі оқу орны студенттердің мүдделерін әрқашан да бірінші орынға қояды. Құрметті өлкеміздің жастары! Сіздерді заманауи сұраныстарға ие мамандық алып шығумен қатар, мәдениет пен өнерді игерген, жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуға бар жағдай жасалған М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне оқуға шақырамыз!

**С.Қ. БЕЙСЕНБАЕВ,**  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры,  
**Әлия МАМЫТ,**  
Студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету бөлімінің басшысы